

Keywords: invalid transactions, civil law, Republic of Kazakhstan, void transactions, voidable transactions, restitution, law enforcement practice.

Поступила в редакцию: 10.02.2025

Одобрена: 29.03.2025

Первая публикация на сайте: 13.03.2025

MPHTI: 16.21.49

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-4.13>

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖЫЛ АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*¹К.ТОКТАРБЕК^{id}, ¹Н.З.ЖУМАНБЕКОВА^{id}, ²Ч.С.ТУЛЕЕВА^{id}

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)

²И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Бишкек, Қырғызстан)

*kaniya823@gmail.com, zhumanbekova_nz@enu.kz, reinasmom77@gmail.com

Аңдатпа

Туыс емес тілдердің фразеологиялық жүйелерінің әмбебап және ұлттық белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы зерттеулер тіл білім саласында ерекше орын алатыны белгілі. Бұл тұрғыда фразеологиялық бірліктердің, оның ішінде теңеулердің семантикалық құрылымы күрделі де көп өлшемді конструкциялық жүйе ретінде жан-жақты талдауды талап етеді. Осы мақаланың таңбалық мағынасы аспектісінде ағылшын және қытай тілдеріндегі қарастырылатын теңеулер субъектінің сапалық және сындық қасиеттерін көрсетеді. Мысалы, ағылшын тіліндегі *brave as a lion* - тура мағынасында «арыстандай батыл» болса, ауыспалы мағынасында «әртүрлі жағдайларда ерекше ерлік немесе батылдык көрсететін адамдарды, жануарларды немесе заттарды сипаттайды». Қытай тілінде 中獅子 - *rén zhōng shī zi* - тура мағынасында «адамдар арасындағы арыстан» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «ақылды, дарынды адамдарды» сипаттап көрсетеді. Ағылшын және қытай тілдеріндегі жыл аттарына байланысты тұрақты тіркестер осы жұмыстың зерттеу нысаны ретінде қаралады. «Қытай тілінің фразеологизмдер сөздігі», «Ағылшын тілінің тұрақты тіркестер сөздігі» және т.б. сөздіктердегі жыл аттарына байланысты тұрақты тіркестерді негізге ала отырып салыстырмалы, сандық, жүйелік талдау және басқа да зерттеу әдістерін пайдаланып ағылшын және қытай тілдеріндегі он екі жыл белгісіне байланысты теңеулердің лингвомәдени ерекшеліктері айқындалады және талдап түсіндіріледі. Эталоны зооним болып табылатын тұрақты тіркестердің ұлттық- мәдени ерекшелігі талқыланады.

Түйін сөздер: жыл атаулары, ағылшын-қытай тілі, салыстырмалы зерттеу, лингвомәдени ерекшелік.

Кіріспе

Тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі теңеу – айтып отырған зат пен құбылыстың ерекше белгілерін көзге түртіп көрсетпесе де, ол жеткізбекші болған ойын басқа затпен және құбылыспен салыстыра отырып суреттеп-сипаттауды нысана етеді. Зооним эталоны бар тұрақты тіркестердің семантикалық мазмұны антропоцентристік сипатта болатыны анық, өйткені олар адамның сыртқы белгілері мен ішкі қасиеттерін, мінез-құлық белгілерін, адамға тән физикалық әрекеттерді, физиологиялық және эмоционалдық күйлерді білдіреді.

Тіл ерікті түрде жасалған таңбалар жүйесін пайдалана отырып, ойды, сезімді және тілекті білдірудің адамға ғана тән, инстинктивті емес әдісі деп атап көрсеткен Э.Сепир тіл өркениеті мәдени үлгілер желісін көрсеткіштік қызметін атқарады деп санайды. Ол адамның шынайы болмысы жоғары дәрежелі топтың тілдік әдеттерінен тұрады деп дәлелдеген болатын [Sapir E., 1921: 10 б]. Демек, тіл әлеуметтік шындықтың нұсқаушысы болып табылады. Жалпы фразеологиялық бірліктер сол тілде сөйлеушілер ойының толық бейнесін айшықтайды. Өйткені оларда белгілі бір ұлтқа тән халықтың тарихы, өмір салты мен дүниетанымы көрініс табады. Мысалы, ағылшын тілінде *as strong as the horse* - тура мағынасында «ат сияқты

мықты» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынасында «күш жігері мықты» адамды суреттейді. Ал қытай тілінде «*马* - *mǎ*- жылқы» сөзіне байлансты теңеулерден *千兵万马* - *Qiān bīng wàn mǎ* - тура мағынасында «мың әскер, он мыңдаған жылқы» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «әскери күштің қауқарлы» екендігін көрсетеді. Ағылшын тілінде жылқыны қара күштің символы ретінде, ал қытай тілінде адамның немесе әскери қосынның күшін білдіретін тетік ретінде қолданып отыр. Демек аталмыш тілдерде жылқы малы күш пен ерік-жігердің белгісі негізінде қолданылып отырғаны белгілі.

И.В.Зыкова фразеология саласында жүргізген зерттеулеріне назар аудара отырып, лингвомәдениеттанудың концептуалды-терминологиялық аппаратын дамытуға және оларды талдауға қатысты жалпы теориялық және әдіснамалық мәселелердің маңыздылығын атап көрсетті. Ол фразеологиялық бірліктердің құрамында мәдени ақпараттың қалай бейнеленетінін, оның дискурстағы өзектілігін және ұрпақтан-ұрпаққа берілуі туралы сұрақтардың шешімін іздеді. Концептуалды екі сала- мәдениет пен тілдің- өзара әрекеттестігінің жүзеге асырылуын қадағалады [Зыкова И.В., 2015: 329-357 б].

И.В.Зыкова ағылшын фразеологиялық бірліктерін мысалға ала отырып, концептуалды «байланысты» фразеологиялық бірліктердің зерттелу корпусын қалыптастырудың принциптерін әзірледі. Модельдейтін және модельденетін бөліктердің концептуалды деңгейіндегі өзара ықпалдасу негіздерін үш субкорпусқа бөлді. Сонымен қатар фразеологиялық бірліктердің концептуалды негіздеріне айналатын бейнелердің қалыптасу көздері мәдениеттің қай саласы болып табылатыны туралы ақпаратты алуға мүмкіндік берді. Бұл әдіспен алынған фразеологиялық материалды талдау ағылшын тіліндегі вербалды коммуникацияны (verbal communication) сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің (жалпы саны 2000-нан астам) бейнелерін және олар негізінде семантиканы құрайтын 11 макрометафорикалық концептуалды модельдерді анықтауға мүмкіндік жаратты. Олар: саяхат, кәсіп (мысалы, аңшылық және балық аулау), қолөнер, ойын немесе қойылым, діни іс-шаралар, медицинаға байланысты іс-қимылдар, күрес, тағам дайындау, құрылыс, табиғи құбылыстар, табиғатпен байланыс. Бұл модельдер ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің бейнелерін және семантикасын анықтауға көмектеседі, сондай-ақ олардың концептуалды құрылымдарын түсінуге мүмкіндік береді [Зыкова И.В., 2015: 329-357б]. Ғалымның пайымындағы аңшылық және балық аулауды қамтитын кәсіп тақырыбындағы модель біздің зерттеп отырған зооним эталонына жататын тұрақты тіркестер тобына сәйкес келетін көрінеді.

Тіл мәдениеттің ықпалына ұшырайтындықтан, ондағы тұрақты тіркестер қолданыстағы мәдениеттің әсерімен әртүрлі мәдени ерекшеліктердің айқын айнасы ретінде қолданылады. Он екі жыл белгісінің атауларын салыстыра зерттеу арқылы біз ағылшын және қытай елдерінің ауқымды да терең мәдениетін танып қана қоймай, сол белгілер арқылы ұлттың қайталанбас рухани ерекшеліктерін де анық түсіне аламыз. Жыл атауларына байланысты теңеулерді ағылшын және қытай тілдерінде салғастыра талдау арқылы жануарлар атауларына байланысты теңеулер мағынасын терең түсініп, зоонимдерге байланысты тұрақты тіркестерді зерттеу мазмұны мен перспективасын кеңейтуге және тереңдетуге болады. Сөйтіп жыл атауларына байланысты тұрақты тіркестерді ағылшын және қытай тілдерінде салыстыра-салғастыра зерттеп, генеалогиялық топтастырылуы жағынан бір біріне ұқсамайтын екі тілдегі теңеулердің ішкі формасы, лингвомәдени ерекшеліктерін ашып көрсетеміз.

Негізгі бөлім

Тілдің бейнелі құралдарын оның ішінде теңеулерді зерттеу мәселесі қазіргі лингвистика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Теңеулер әр тілдің фразеологиялық саласында ерекше орын алады. Теңеулердің фразеологиялық ерекшелігі дәстүрлі салыстыруға негізделген тұрақты және қайталанатын, күрделі семантикалы сөз тіркестері екені белгілі. Олар бір бірімен салыстырмалы жағдайда көзге түсіп, ондағы тұрақты тіркестер екі немесе одан да көп компоненттерден құралады. Мысалы, қазақ тілінде *жолбарыстай қайратты*-тура мағынасында «жолбарыс сияқты күшті», ауыспалы мағынада «алып күштің иесі» деген

мағынада қолданылады; Ағылшын тілінде: *as strong as a bull* - тура мағынасында «бұқадай күшті» болса, ауыспалы мағынада «алып күштің иесі» деген мағынада қолданылады; қытай тілінде: 力状如牛- Lì zhuàng rú niú - тура мағынасында «бұқадай күшті» болса, ауыспалы мағынада «алып күштің иесі» деген мағынада қолданылады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың біразы эталоны зооним болған теңеулерді зерттегені белгілі. Отандық ғалымдарымыздан (Т.Қоңыров, І.Кеңесбаев, Г.Смағұлова, Р.ӘАвакова, А.В.Кунин, М.М.Копыленко) фразеология саласында бір қатар ауқымды еңбектер жариялаған еді. Олар фразеологизмдердің саны жағынан басым болып келетін тобы зоонимдер туралы түрлі пікірлер қалдырғаны анық. Кейбіреулері жануарларды үй жануарлары және жабайы жануарлар деп жіктесе, тағы біреулері аңдар, құстар, жәндіктер сынды топтарға бөліп қарастырған болатын. Тіл ғылымының осы саласына деген қызығушылық бүгінгі күні де жалғасын тауып отыр. Жан-жануарлар тақырыбына байланысты теңеулерді зерттеулер көп болғанымен, он екі жыл белгісінің әр біріне жекелей тоқталған және оның ішкі формасы мен лингвомәдени ерекшеліктерін ашып көрсететін еңбектер жоқтың қасы.

Қазақ ғалымы Т.Қоңыров теңеулерді поэтикалық және лингвистикалық табиғаты күрделі, семантика-стистикалық сипаты қызық, көп аспектілі, сан-салалы тілдік құбылыс деп атап өтті. Ол қазақ тіліндегі теңеулерді лингвостилистикалық аспектілері жағынан егжей-тегжейлі зерттеді. Ғалым «Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігінде» теңеулерді мағыналары көмескіленген заттар мен құбылыстар, үй жануарлары, аңдар, құстар, жәндіктер және басқа жан иелері, адам, өсімдіктер, табиғат құбылыстары, табиғи орта, тұрмыстық заттар, қияли персонаждар және жан-дүние көріністері, реальді және ирреальді қозғалыс- қимылдар деп он екі тақырыптық топқа бөліп қарастырған [Қоңыров Т., 2005: 512 б.].

І.Кеңесбаев фразеологизмдерде халықтың мәдениеті, дүниетанымы, салт-дәстүрі және дүниеге көзқарасы молырақ бейнеленген деп айта келіп, фразеологизмдер этномәдениеттің қоймасы, оны сақтаушы және қазіргі күнге трансляциялаушы деп санайды. Тіршіліктің барлық саласына қатысты ұғымдар - күнтізбе, астрономия, заңгерлік, дәстүрлі мәдени ұғымдар тұрмыста болмағанымен тілде сақталған мифологиялық, этнографиялық көнеліктер көбіне осы фразеологиялық тіркестерде кездеседі деп атап көрсетеді [Кеңесбаев І., 2007: 10 б.].

Г.Смағұлова өз еңбегінде қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті төрт түлік, мал шаруашылығына қарай қалыптасқанын айта келіп, төрт түлік мал қазақ өмірінде ішсе тамақ, кисе киім болатын ерекше қолданысқа ие екенін атап көрсетеді. Сондықтан да қазақ тілінде тірек сөзі төрт түлік, яғни мал атаулары және үй хайуандары болған тұрақты тіркестер өте көп кездеседі. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (1977) қозы сөзі ұйытқы болған 8 тіркес, қой сөзіне 25 фразеологиялық тіркес келтірілген екен. Төрт түлік мал ретінде қой, сиыр, жылқы және түйе атауларына байланысты жасалған фразеологизмдердің ішінде саны жағынан көп, қолданылуы жиі болатыны қой сөзі ұйытқы болған тіркестер болып табылады. Мысалы, *қой ауызынан шөп алмас* - тура мағынасы «қойды тамақтандыру, шөбін беру» болса, ауыспалы мағынасында «момын, жуас, біреудің игілігінен пайдалана алмау» деген мағынада қолданылады. *қой мінез* - тура мағынасы «қойдың мінезі» болса, ауыспалы мағынада «жуас, момын» дегенді білдіреді, яғни қой малы момындықтың, жуастықтың символы ретінде қолданылады [Смағұлова Г., 2020: 209 б.].

Қазақ тілінде фраземалар өзіндік мазмұны мен құрылымына қарай әр алуан болып келеді. Олардың көбісі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын, дүниетанымын білдіреді. Тілімізде фраземалар төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез құлқы, әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі және визуалды салыстыру, қатар қою негізінде пайда болған. Бір жағынан жануарлар әлемін бақылау негізінде, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары мен әр түрлі өмірлік жағдайларындағы іс-әрекеттеріне байланысты туған ассоциациялық параллельдер тілде көптеген ортақ немесе ұқсас көріністер тауып, фраземалардың бейнелі-реңктік негізінің тууына қызмет етеді. Мысалы, *сиыр сипағанды білмейді* - деген тіркестің тура мағынасы «сиырды сипау, ұстау» болса, ауыспалы

мағынасы «жақсылықты түсінбеу» деген мағынада ізгілікті бағаламайтын, жақсылықты аңғармайтын адамдарды айтуда қолданылады. Яғни сиырдың физиологиялық қасиеті арқылы, адамдардың мінез құлқы мен психикасын айқындап көрсеткен [Авакова Р.А., 2023: 69-70 б].

Тіл қоғамның айнасы ретінде сол тілде сөйлейтін адамдардың дүниетанымдық көзқарасын сипаттайды. В.Гумбольдттың пайымынша «Әр бір тіл белгілі бір ұлттың санасының коды болып табылады. Тіл бірліктерінің «мәдени коды» және олардың зерттелуі белгілі бір ұлттың ойлауы, мәдени көзқарастары, ақпаратты қабылдау және оны тілдік бірлік арқылы көрсету сияқты мәселелерінің өзара байланысын зерттеудің де маңызы зор [Mueller-Vollmer, 2023].

В.А.Маслованың «Культ животных- первая грань, которую древний человек проводит между собой и миром природы, признавая еще ее господство, но уже не отождествляя себя с ней» [Маслова В.А., 1997: 122 б]. Өмірдің қай кезеңі болсада адамдар мен жануарлар арасындағы байланыс өте тығыз. Кисе киім, жесе тамақ, мінсе көлік болатын жан- жануарлар мен адамдар арасындағы байланыс тілдегі тұрақты тіркестерде көп кездеседі. Әрі олар ұлттың салт-санасына, адамның мінез құлқына тікелей әсер ете алады.

Зоонимдер белгілі бір жануардың атауын қамтыған тұрақты тіркестер болып табылады. Зоонимдер әрқашанда «адам» бейнелі мағынасына ие және өзіне тән қасиеттері мен іс-қимылдары арқылы адамның түр-әлпетін және мінез-құлқын бейнелейді. Зооним эталонына қатысты тұрақты тіркестер жаплы фразеологизмдердің ішінде саны жағынан ең көп түрі болып, әр түрлі жануарлар әр ұлт өмірінде бір-біріне ұқсамайтын рөлдерде байқалуы мүмкін әрі белгілі бір жануар осы ұлтта позитивті мәнге ие болса, келесі бір ұлт өмірінде қарама-қарсы мәнде қолданылуы мүмкін. Ежелден бері адамдар жануарлардың әдеттері мен мінездерін бақылау негізінде, өз қиялында жануарларға адамға тән кейбір қасиеттерді тели бастады. Жануарлар адамның физикалық қасиеттері, сыртқы түр-әлпеті (*wasp waist*- қынай бел), мінез-құлқы (*stubborn like a bull*- өгіздей күшті), ақылдылығы (*cunning like a fox* - түлкідей қу), дағдылары (*repeat like a parrot* - попугайдай қайталау) т.б. қасиеттері бойынша сипатталды [Мадумарова М., 2022: 32 б].

Irina Costetcaia зоонимдер белгілі бір ұлттың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, сол ұлттың өмірін, адамдардың әр түрлі қасиеттерін білдіреді деп тұжырымдалады. Адамдар өз бойындағы белгілі бір қасиеттерін өз табиғатына жақын кез-келген жануардың атауымен байланыстырса керек. Сонымен бірге әр жануар әр ұлттың тұрмысында әр түрлі мағынаны да береді екен. Мысалы, орыс ұлтында піл - дәу, денелі еркектерді білдірсе, Үнді елінде бұл тіптен қарама-қарсы мәнде әсемдікті білдіртін көрінеді [Costetcaia I., 2019: 99-100 б.].

Қытай лингвистері жыл атауларына байланысты тұрақты тіркестерді лингвомәдени және семантикалық тұрғыдан талдап зерттеді. Солардың ішінде жыл аттарын лингвомәдени тұрғыдан қарастырған 高磊 - Гао Лэй қытай тіліндегі жыл атауларына байланысты теңеу мағынасында қолданылатын тұрақты тіркестерді зерттеу арқылы жануарлар атауларына байланысты теңеулердің типі, теңеулердің құрылымы, семантикалық ерекшеліктері мен мәдени коннотацияларын ашып көрсетті [高磊 - Гао Лэй, 2012: 46 б.]. И Пэйань (2015) ұқсамаған екі мәдениет арасындағы зоонимдерге байланысты теңеулерді салыстыра зерттеп, түрлі мәдениеттер тоғысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ашып көрсетті [尹丕安 - И Пэйань, 2015: 54 б.]. Ян Шучюнь (2023) қытай тіліндегі жыл атауларын зерттеп, оның мәдени астарына үңілді. Сол арқылы ол әр ұлттың мәдени айырмашылығы мен ойлау тәсілдерінің арасындағы айырмашылықты анықтады [杨姝琼 - Ян Шучюнь, 2019: 28 б.].

Семантикалық тұрғыдан зерттеулер жүргізген ғалымдардан Лю Цзинь (2019) «Орыс және қытай тілдеріндегі жыл атауларына байланысты лексиканың айырмашылығы» еңбегінде орыс және қытай тіліндегі жыл атауларының семантикасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттеп, осы тілдердегі тілдік және мәдени ерекшеліктерін ашып, аталмыш тілдерді семантикалық салыстырудың тиісті теорияларын байытты [刘静 - Лю Цзинь, 2019: 67 б.].

Біз «Ағылшын және қытай тіліндегі адам бейнесіне байланысты теңеулердің эталоны» тақырыбындағы мақаламызда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, адам бейнесіне байланысты теңеулерді зоонимдер, ыдыс-аяқтар мен тұрмыстық атауларға байланысты теңеулер, фитонимдер, тұлғаның атауына, табиғат құбылыстарының атауына, діни наным- сенім ұғымдары атауына, ішпек- жемек тағамдардың атауына және киім-кешек атауларына байланысты сегіз түрлі эталонға бөліп қарастырған болатынбыз. Осы эталондарға байланысты теңеулер екі тілде де кездеседі әрі олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Ағылшын және қытай тілдерінде теңеулердің шығу тегі, тура және ауыспалы мағыналарында ұқсастықтар мен айырмашылықтардың болатынын мысалдар арқылы дәлелдеп көрсеттік. Жануарлар әлемі эталонына жататын теңеулер ағылшын тілінде 48, ал қытай тілінде 131 теңеу бар болып әртүрлі эталондардың ішінде саны жағынан көш бастады. Осы негізде біз ағылшын және қытай тілінде зоонимдік атауларға байланысты тұрақты тіркестердің біршама көп екендігін тұжырымдадық.

Жыл атауларын білдіретін теңеулер дерлік жан-жануарлар есімдерімен байланысты. Әрі осы атаулар халықтың тұрмыс-тіршілігінде аса маңызды орын алады. Зоонимді тұрақты тіркестердің көп сандысы адамның мінез құлқы, тұрмыс тіршілігінің айнасы ретінде қолданылады. Қазақша жыл санауда жердің күнді бір айналып шығуына кететін уақытты «жыл» деп атап, оны он екі айға бөліп көрсеткен. Ал халық тәжірибесі бойынша жыл қайыру негізіне мүшел алынып, бір мүшел 12 жылдан тұрады деп санаған. Жыл қайыру бойынша тышқан жылы жыл басы болып, әрі қарай сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит және доңыз деп он екі түрлі аңдардың аттарымен аталған. Жыл атаулары не үшін осындай тәртіппен және осы аңдардың атауымен аталғандығы туралы халық арасында көптеген аңыздар бар екендігі бәрімізге мәлім [Қазақша жыл санау, 2015].

Әдістер

Фразеологиялық құрылым күрделі тілдік бірліктің туындысы. Фразеологияны құрайтын сол бірліктер әр түрлі топтарға бөлінеді. Зооним, фитоним, тұрмыстық атауларға байланысты, киім-кешек атауларына байланысты т.б. Тақырыптық-құрылымдық топтарға жіктелетін теңеулердің арасында саны жағынан көш бастайтыны ол жан-жануарлар атауларына байланысты теңеулер яғни, зоонимдер болып табылады. Осыған орай мақалада зерттелген теңеулер анималистік сипатта кездесетін он екі жыл белгілері атауларына байланысты болмақ. Зооним эталонына байланысты теңеулер фразеология жүйесінің бір ерекше тобы болып табылады.

Салыстыра зерттеу тілдердің ұлттық ерекшеліктері мен қасиетін тануға мүмкіндік береді. Ағылшын және қытай тілдері туыс емес тілдер болғандықтан, біз осы тілдердегі жыл белгілері атауларына байланысты теңеулерді құрылымдық-семантикалық емес, тақырыптық жіктелу бойынша төрт кезеңге бөліп қарастырамыз.

Бірінші кезеңде, «Cambridge International Dictionary of English Idioms- Кембридж халықаралық ағылшын тілі идиомалар сөздігі», «English Animal Metaphor Dictionary- Ағылшын тілінің жануарлар тақырыбындағы теңеулер сөздігі» және «中华成语词典- Zhōnghuá chéngyǔ cídiǎn- Қытай идиомалар сөздігі» сынды сөздіктерден жыл атауларына байланысты тұрақты тіркестерді іріктеп аламыз. Оларды қайсы жыл атауына байланысты екендігіне қарай саралап, жіктеп көрсетеміз.

Екінші кезеңде, таңдап алынған тұрақты тіркестерді санына қарай ең көп және ең аз кездесетін тұрақты тіркестер деп бөліп қараймыз. Әрі берілген жыл аттарына байланысты теңеулер ағылшын тілінде және қытай тілінде қандай мағынада қолданылатындығына мысалдар арқылы талдау жасап көрсетеміз.

Үшінші кезеңде, аталған теңеулердің ішкі формасында қандай айырмашылықтар мен ұқсастықтардың барын анықтаймыз.

Төртінші кезеңде, саны жағынан көп кездесетін екі тілге ортақ тұрақты тіркестердің ішкі

формасы арқылы олардың лингвомәдени ерекшеліктерін ашып, айшықтаймыз.

Бұл зерттеуде жинақтау, салыстыру, талдау әдістері қолданылып, ағылшын және қытай тілдеріндегі теңеулердің түрлері салыстырыла сипатталынады. Теориялық тұжырымдарды саралау үшін аталған тілдердегі тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит және доңыз қатарлы жыл атауларын қамтитын зооним эталонды тұрақты тіркестер негіз болады. Көрсетілген әдіс-тәсілдер көзделген мақсатқа жету үшін зерттеудің құрылымдық жүйесінде теориялық негізде қолданылды.

Нәтижелер және пікір алмасу

Фразеологиялық біліктер – тілдік болмыстың інжу-маржаны екені белгілі. Осы мақаладағы жыл атауларына байланысты тұрақты тіркестер - жалпы фразеологиялық біліктер ішіндегі саны жағынан ең көп болып саналатын зооним эталонды тұрақты тіркестерінің қосынын құрайтыны белгілі. Зооним эталонды тұрақты тіркестерге тіршілік тынысының өзі әр түрлі мәндік мағына берген. Ағылшын және қытай тілдерді туыс емес екі басқа тіл болып қана қоймай, олардың тарихы, мәдениеті, әдет- ғұрыпы, салт-санасында да алшақ айырмашылықтардың бар екендігі анық. Ағылшын тілінің онлайн сөздігі «Phrasedictionary- фразалар сөздігі», «English Animal Metaphor Dictionary - Ағылшын тілінің жануарлар тақырыбындағы теңеулер сөздігі» және «中华成语词典 - Zhōnghuá chéngyǔ cídiǎn - Қытай идиомалар сөздігі» сөздіктеріндегі жыл белгісі атауларына байланысты теңеулерді талдап және жүйелеп, жинақтаған тұрақты тіркестер қосынындағы саны жағынан көп немесе азы болып саналатын бірліктерді салғастыра талдап көретін болсақ, онда біз жоғарыда алға тартпақшы болған ой-пікірлеріміздің шынайылығына анық көз жеткізе аламыз. Ағылшын және қытай тілдеріндегі он екі жыл белгілеріне байланысты тұрақты тіркестерді саралай келе, жыл атауларына байланысты тұрақты тіркестердің әр қайсысының санын және мысалдарын төмендегі 1-кестеде бейнеледік.

Кесте - 1

Ағылшын және қытай тілдеріндегі он екі жыл белгілеріне байланысты тұрақты тіркестер

атауы	Ағылшын тілінде мысалдар (саны)	Қытай тілінде мысалдар (саны)
Тышқан	as short-sighted as mice; cover the head and sneak the way like a rat; scurry (or scamper) off like a frightened rat; (47)	抱头鼠窜、投鼠忌器、贼眉鼠眼、胆小如鼠、獐头鼠目、鼠目寸光、蛇头鼠眼、首鼠两端、马捉老鼠、鼠肚鸡肠、猫鼠同眠 (20)
Сиыр	take the bull by the horns; draw/pull your horns in; on the horns of a dilemma; a bull in a china shop be like a red rag to a bull (34)	牛郎织女、牛头马面、牛鬼蛇神、牛毛细雨、牛山濯濯、牛刀小试、牛角挂书、牛衣对泣、牛溲马勃、牛黄狗宝、牛骥同皂 (28)
Барыс	blind tiger; paper tiger (14)	豺狼虎豹、鸱目虎吻、鸱视虎顾、垂饵虎口、春冰虎尾、打马虎眼、大人虎变、大贤虎变、凤叹虎视、甘冒虎口、狐假虎威 (62)
Қоян	it is a poor mouse that has only one hare ; as soon as the hare rises the falcons swoops; sit back and wait; (30)	守株待兔、兔死狐悲、狡兔三窟、见兔顾犬、兔死狗烹、动如脱兔、兔起鹳落、乌飞兔走、兔起凫举 (11)
Ұлу	The old dragon; sow dragon's teeth (2)	白龙鱼服、二龙戏珠、来龙去脉、生龙活虎、屠龙之技、虎踞龙蟠、虎略龙韬、龙骧虎踞、真龙天子 (43)
Жылан	greedy as a snake; have snakes; see snakes; raise snakes; wake snakes (26)	杯弓蛇影、笔走龙蛇、画蛇添足、牛鬼蛇神、虎头蛇尾、打草惊蛇、引蛇出洞、虚与委蛇 (15)
Жылқы	be the on the high horse;	敲牛宰马、鞍马劳顿、光车骏马、马空冀

	hitch ones horse; get down the high horse; beat the dead horse; (62)	北、马捉老鼠、风马云车、非驴非马、肥马轻裘、二童一马、率马以骥、见鞍思马 (85)
Қой	as meek as lamb; black sheep; a sheep among wolves; follow like sheep; lose the sheep; sheep and goat (42)	饿虎擒羊、如狼牧羊、羊肠鸟道、舍策追羊、爱礼存羊、羊肠九曲、鼠穴寻羊、亡羊补牢 (16)
Мешін	not give a monkey's; monkey's wedding; brass monkey; get one's monkey (15)	猴年马月、猴头猴脑、沐猴而冠、杀鸡儆猴 (5)
Тауық	Live life the fighting cock; like a hen on the gridle; (34)	鸡毛蒜皮、鸡皮鹤发、鸡犬不安、鸡犬不惊、鸡犬不留、鸡犬不宁、鸡犬不闻、鸡栖凤巢、鸡犬皆仙、鸡犬桑麻、鸡犬升天 (30)
Ит	love me love my dog; it rains cats and dogs; die like a dog; barking dogs seldom bite; (80)	斗鸡走狗、驴心狗肺、阿猫阿狗、狗盗鸡鸣、狗皮膏药、引狗入寨、狼嚎狗叫、狗盗鼠窃、淮王鸡狗、打鸡骂狗、偷鸡盗狗(42)
Доңыз	get a pig to fly; fed a pig and you will have a hog; sow dry and set wet (51)	牧猪奴戏、猪朋狗友、猪卑狗险、指猪骂狗、泥猪癞狗 (4)

Кестеден байқағанымыздай ағылшын тілінде саны жағынан көш бастап тұрған жыл атауы ит, арі қарай жылқы, доңыз, тышқан, қой, тауық және сиыр. Ал қытай тілінде жылқы, барыс, ұлу, ит, тауық және сиыр. Әрі қарай, осы жыл аттарына байланысты тұрақты тіркестердің мағынасын және ішкі формасын төмендегі мысалдар арқылы ашып көрсететін боламыз.

Ағылшын тілінде ит (80) - отбасының бір мүшесі ретінде қаралған, олардың ойынша ит адамдарды тыңдайтын, сатқындық жасамайтын, иесінің ең сенімді серігі болып келеді. Мысалы, *as loyal as a dog like* - тура мағынасында «ит сияқты адал» болса, ауыспалы мағынада «адалдықты, шыншылдықты» білдіреді [Chris Drew, 2023].

Жылқы (62) - батыстықтардың танымында жылқы өндіріс пен өмір сүру құралы ретінде саналып, көп жұмыс істей алатын керемет күш-қуатқа ие деп есептеледі. Мысалы, *work like a horse* - тура мағынасында «атша жұмыс істеу» болса, ауыспалы мағынада «пысық, қағылез» мінезді білдіреді [Reversion inc. 2025].

Доңыз (51) - ағылшындарда доңыз жалқаулықтың, ашкөздіктің белгісі ретінде қолданылады. мысалы, *as fat as pig* - тура мағынасында «шошқадай семіз» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «семіз» адамдарды сипайттайды [Farlex Dictionary of Idioms, 2024].

Тышқан (47) - ағылшындардың киелі кітабы «Библияда» Еурейлер тышқанды таза емес деп санаған. Олардың ойынша мысықтар mouse- тышқанды, ал иттер rat-егеуқұйрықтармен қарсылас болып келеді деп санаған [Bilble, 2025: Leviticus 11]. *Rat – егеуқұйрықтар* жеккөрінішті адамдарды білдірсе, *mouse – тышқанды* кедейліктің белгісіне балаған. Мысалы, *as poor as a rat*- тура мағынасында «егеуқұйрықтар сияқты нашар» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «кедей» дегенді білдіреді екен.

Қой (42) - әлсіз, ұялшақтықты білдіреді. Мысалы, *as gentle as a lamb*- тура мағынасында «лақтай жуас» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынасында «қойдай момын, қойдан қоңыр» дегенді білдіреді [Farlex Dictionary of Idioms, 2024].

Тауық (34) - әлсіздік пен қорқақтықтың белгісі ретінде қолданылады. Мысалы, *chicken hearted*

- тура мағынасында «тауықтың жүрегі» болса, ауыспалы мағынада «табиғатынан қорқақ, топ ортадан қашатын» адамдарды оспай атайды [Collins, 2024].

Сиыр (34) - ағылшындар өмірінде көмескі ұғым болып келеді. Олар сиыр малының орынына horse - жылқы малын қолданады. Яғни ерік-жігер мен күш-қуатты білдіргенде cow -сиыр сөзінің орынына horse - жылқы сөзін қолданады.

Қытай тілінде жылқы (85) малы ежелден соғыстың негізгі күш-қуаты болып саналатын. Сондықтан да жылқы атауына байланысты теңеулер қытай тілінде соғыс тақырыбына байланысты көп қолданылады. Мысалы, 人强马壮 - *Rén qiáng mǎ zhuàng* тура мағынасында «адамдары күшті, аттары мықты» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «әскери күштің қауқарлы» екендігін көрсетеді [百度百科 - Baidu энциклопедиясы, 2025].

Барыс (62) - қытайлар барысты аңдардың патшасы деп санап, оны билік пен мансаптың символы ретінде бағалаған. Мысалы, 虎头虎脑 - *Hǔtóuhǔnǎo* - тура мағынасында «барыс басты, барыс миы» болса, ауыспалы мағынада «күшті, кісілігі мол» дегенді білдіреді.

Ұлу (43) - қытай жыл санауында ол 龙 - *Lóng* - дракон деп аталады, яғни жыл атаулары ішінде тек мифтерде ғана өмір сүретін жануар. Айдаһар - ежелгі мифологиядағы артефакт, жақсылықтың нышаны деп саналды. Тотемдік ғибадаттың жемісі ретінде айдаһардың терең мәдени құндылығы адамдарға оған ізгі үміттерін артуға жетеледі [Ыбырай Дүйсен, Deng Jie, 2024]. Қытай феодалдық қоғамында 龙 - *Lóng* - дракон (қазақша ұлу) - патша билігінің символы болған. Мысалы, 人中之龙 - *Rén zhōng zhī lóng* - тура мағынасында «адамдар арасындағы айдаһар» болса, ауыспалы мағынада «талантты, зерек» адамдарды бейнелейді [成语大词典 - Идиомалар сөздігі, 2021].

Ит (42) - адалдықтың белгісі, ол иесіне адал болып, өзі тұрған үйді жамандықтан қорғайды. Мысалы, 狗不嫌家贫 - *gǒu bù xián jiā pín* - тура мағынасында «ит иесінің кедей болғанына қарамайды», ал ауыспалы мағынасы «адамдардың отбасының кедейлігіне қарамастан, адал, нысапшыл болуын» бейнелейді [郝梦华 - Хао Мэнхуа, 2023: 34 б.].

Тауық (30) - ертеде сағаттың жоқ кезінде, адамдар әтештің шақырыуынан таңның атқанын біліп отырған, тауық он екі жыл белгісін ішінде қанаттысы болып, оның көптеген мәдени белгілері бар деп есептеледі. Мысалы, 鸡毛蒜皮 - *jī máo suàn pí* - тура мағынасында «тауықтың жүні, сарымсақтың қабығы» деген мағынаны білдірсе, ауыспалы мағынада «ештеңеге тұрғысыз іс немесе затты» білдіреді [肖姣 - Сяо Цзяо, 2024: 288 б.].

Сиыр (28) - қазақ тұрмысындағы төрт түлік малдың бірі, қытай қоғамында да егін шаруашылығында ерекше орын алған. Жер жырту, су тасу сынды ауыр жұмыстардың бәрі осы зеңгі баба ұрпағы мойынында болып, түрлі мәдени ұғымдарды бейнелеген. Мысалы, 牛头马面 - *niú tóu mǎ miàn* - тура мағынасында «бір басы сиыр, бір басы жылқыныкіндей екі басты құбыжық» болса, ауыспалы мағынада «екібеткей, құбылмалы» мінезді адамдарды бейнелеген [百度百科 - Baidu энциклопедиясы, 2025].

Ал саны жағынан аз кездесетін жануарлар ағылшын тілінде қоян (30). Ол бір орында тұра алмайтын қимыл қозғалысы көп және қорқақтықты білдіреді. Мысалы, *as timid as a rabbit* - тура мағынасында «қоян сияқты қорқақ» болса, ауыспалы мағынада қорқақтықты білдіреді [Slovar-vocab, 2024].

Жылан (26) - зұлымдықтың бейнесі болып табылады. Мысалы, *greedy as a snake* - тура мағынасында «жылан сияқты жеу» болса, ауыспалы мағынада «ашкөздікті» білдіреді.

Маймыл (мешін), (15) - тентек, әзілкеш адамдарды сипаттауда қолданылады. Мысалы, *make a*

monkey of someone - тура мағынасында «маймылдай қылу», ал ауыспалы мағынада «әзілдеу, ақымақ қылу» дегенді білдіреді.

Барыс (14) - батыл, оңтайлы шешім қабылдау мағынасында қолданылады. Мысалы, *the lion's den* - тура мағынасында «арыстанның іні» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада «жолы болғыш» адамдарды сипаттайды.

Ұлу (2) – *dragon* - батыс мәдениетінде айдаһар ол аузынан от шашатын, қанаттары бар, кесірткі тектес құбыжық, ол зұлымдықтың символы болып табылады. Мысалы, *the old dragon* - тура мағынасында «кәрі айдаһар» болса, ауыспалы мағынада «зұлым» адамдардың бейнесінде қолданылады.

Қытай тілінде тышқан (20) - «Астық қамбасы» болып саналатын қытай елі үшін астық ұрлап, жиһаздарды кеміргіш тышқандар халықтың бірінші жауы болып келеді. Кішкентай денелі, қимылы жылдам, иіс сезу қабілеті күшті, қорқақ, бірақ сезгір тышқандар үнемі ұялшақ, кіші пейіл, қорқақ, бірақ қу адамдардың бейнесі ретінде қолданылады. Мысалы, *贼眉鼠眼 - zéi méi shǔ yǎn* - тура мағынасында «тышқан көзді, қу қабақ» болса, ауыспалы мағынада «адамның қулық-сұмдық, жаман ойларын» білдіреді [百度百科 - Baidu энциклопедиясы, 2025].

Қой (16) - ағылшын және қытай тілдерінде де момындықты, жуастықты білдіреді. Мысалы, *羊质虎皮 - yáng zhì hǔ pí* - тура мағынасында «барыс терісін жамылған қой» болса, ауыспалы мағынада «батыл көрінгенімен, қорқақ» мінезді адамдарды суреттейді [百度百科 - Baidu энциклопедиясы, 2025].

Қоян (11) - сүйкімді, естияр, көңілді, зеректікті білдіретіндіктен, үнемі балалардың мінез-құлықымен байланысты айтылады. Кейде позитивті, кейде негативті коннотацияда қолданылады. Мысалы, *动如脱兔 - dòng rú tuō tù* - тура мағынасында «қозғалысы қояндай», ал ауыспалы мағынада адамдардың «қимыл шапшаңдығын» білдіреді.

Маймыл (5) - қытай тілінде ақылды, тыным таппайтын, тентектікті, қу, соқтыққыш мінездерді білдіреді. Мысалы, *弄鬼掉猴 - nòng guǐ diào hóu* - тура мағынасында «сайтанға еріп, маймылды адастыру» болса, ауыспалы мағынада «біреуді алдауды» білдіреді.

Доңыз (4) - жалқау, ақымақ, ашкөз және жаман мінез құлықты білдіреді. Мысалы, *猪头猪脑 - zhūtóuzhūnǎo* - тура мағынасында «басы мен миы доңыздікіндей» деген мағынада болса, ауыспалы мағынада «ақымақ, топас» дегенді білдіреді.

Аталған тұрақты тіркестерді талдай келе мәдениетаралық қарым-қатынаста ағылшын және қытай тілдеріндегі жыл атауларына байланысты тұрақты тіркестер беретін мәдени коннотацияларда алшақ айырмашылық бар екенін көре аламыз. Егер оқырман осы мәдени-әлуметтік мағынаны дұрыс түсінбесе, қалыпты да өлшемді коммуникацияға ықпал ететіні айдан анық. Жыл атауларының ішінде қазақ тіліндегі ұлу атауының қытай тіліндегі баламасы *龙 - Lóng - айдаһар*. Яғни аңыздарда, мифтерде өмір сүретін жануар. Қытай халқы айдаһарды пір тұтып, құрметтейді, әуелі өздерін танымдық сенім тұрғысынан осы айдаһардың ұрпағымыз, ізін жалғастырушымыз деп сенеді [梁冠群- Лян Гуанцюн, 2024]. Ал ағылшын тілінде *dragon* - *айдаһар* есімі «наркотик, есірткімен» байланыстырылып, жауыздықтың, зұлымдықтың және тұрпайы күштің иесі ретінде қаралады. Осы жағдайды толық түсінбеген ағылшындар қытай тіліндегі *龙的传人 - Lóng de chuánrén* - мағынасындағы өздерін айдаһардың ұрпағымыз дейтін қытай халқын зұлым, жауыз адамдар деп түсінуі әбден мүмкін. Тағы бір айта кететін жыл белгісі ол – ит. Қытай тілінде негативті коннотацияда қолданылады. Сондықтан да, қытайлар ағылшын тіліндегі «a lucky dog», «work like a dog» т.б. тұрақты сөз тіркестерін естігенде не көргенде, оның «жолы болғыш, адал» деген мағынасын түсінбей, өздерін кемсітіп, қорлап тұр деп түсініп қалуы ықтимал. Сонымен бірге қытай тілінде тауық есімі негативті, болымсыз мағынада қолданылады. Мысалы, қытай тіліндегі тауық мағынасын

білдіретін 鸡 – jī - сөзінің оқылуымен бірдей болатын 妓女 – jìnyǔ - жезөкше сөзіндегі 妓 – jì иероглифы - кемсіту, қорлау мағынасын білдіреді. Бірақ ағылшын тілінде *spring chicken* - тіркесі жас, сұлу қыздарды сипаттайтайды. Міне, осындай мәдени мәнер-түсініктегі айырмашылықтар екі ұлт өкілдерінің осы тектес сөздерді өз мәдениетімен байланыстыра түсінетін жағдайында алауыздық сипаттағы дау тудыратындығы анық [苏昌红 - Су Чангхон, 2021: 21 б.].

Тіл - ұлт мәдениеті мен мұрасының коннотациясын айшықтайтын ұғым болумен бірге, ұлттық мәдени ерекшеліктердің сыртқы көрінісі. Ағылшын және қытай тіліндегі жыл аттарына байланысты тұрақты тіркестердің арасындағы мәдени коннотация айырмашылықтары екі ел мәдениетінің айнасы болып табылады. Осы атауларға байланысты фразеологизмдерді зерттей келе біз ағылшын және қытай тілдеріне де ортақ ит, жылқы, тауық және сиыр атауларына байланысты теңеулердің мәдени коннотацияларындағы айырмашылықтарды ашып көрсете алатындығымызды баса айтуға болады (1-сурет).



1-сурет. Саны жағынан ағылшын және қытай тіліне ортақ болған жыл атауларының аз немесе көп екендігін көрсететін сурет

Ағылшын тілінде ит атауы адалдықпен байланысты. Ол негативті және позитивті коннотацияда қолданылады. Мысалы, маңызды адамдарды *a big dog* деп айтса, жолы болғыш адамдарды *lucky dog* деп атайды. *Love me, love my dog* тіркесі арқылы мені жақсы көрсең, маған қатыстының бәрін жақсы көр деу арқылы сыйластықтың шамадан тыс артық тұстарын білдіріп тұрғандай әсер береді [Лю Чжунбао, 2012: 45 б.]. *Every dog has its (or a) day* - тіркесі арқылы әр адамның жолы болатын күні (уақыты) болады деген мағынаны білдіріп тұр. Міне, осы мысалдарда ит атауы болымсыз коннотацияда қолданылады. Екінші жағдайда, позитивті мағынаны білдіреді. Мысалы, *dog like* - адал деген мағынаны білдірсе, *dog's chance* - мың жылда бір кездесетін орай дегенді білдіреді [Oxford English Dictionary, 2024].

Ит атауына байланысты теңеулер қытай тілінде де позитивті және негативті коннотацияда қолданылады. Қандай мағынада қолданса да адамдардың мінез-құлқына байланысты айтылады. Ежелде қытайлар 犬子 - Quǎnzǐ – ит - атауы арқылы қарапайым, кішіпейіл болуды білдірсе, 犬马之劳 - Quǎnmǎ zhī láo - басқаларға қызмет етуге әрқашан дайын болу, халыққа адал қызметте болу деген мағынада қолданылады. Кейбір фильмдерде кездесетін ит атауына байланысты 狗蛋儿 - Gǒu dàn er, 二狗子 - èr gǒu zǐ есімдері күлкілі элементтерге бай болып келген. Негізінде осындай аттардың мәдени-әлеуметтік тарихына тереңірек үңіліп көргеніміз

дұрыс секілді. Тарихта ауыл адамдары балаларды «жаман аттармен» атаса, бала ауырмай-сырқамай жақсы өседі деп сенген. Әл-ауқаты төмен, дене қуатына байланысты шаруашылықпен айналысатын сонау заманда дені сау, аман есен болып жүру адамдардың басты арманы болып саналған. Шаршамайтын, бәріне көмпіс, жаны сірі болып ержететін баланы ит атымен атау сол баланың аман есен ержетуіне кепілдік береді деп ырымдаған. Осыдан біз адамдар ит атауына мықты денсаулығы бар, қайтпас қайсар, өміршеңдігі күшті балалардың баламасы лайық деп түсінгендігін аңғара аламыз. Ал кей жағдайларда ит атауы негативті мағынада қолданылып жатады. Мысалы, 走狗 – Zǒugǒu - сатқындық жасау, досты сатып кету деген мағынаны білдіреді. 狗肺狼心 - Gǒu fèi láng xīn - жақсылықты тез ұмытатын, іші тар, зұлым адамдарды білдіреді.

Ағылшын және қытай тілдеріндегі ит атауына байланысты тұрақты тіркестердің терең мәдени коннотациясы бар екендігін байқаған біз «Қытай тұрақты тіркестер сөздігінен» осы ит атауына байланысты 42 тұрақты тіркестің мәдени коннотациясына талдау жасап көрдік. Кейбір тұрақты тіркестер позитивті мағынада қолданылса, кейбірі негативті мағынада қолданылғандығын байқадық. Қандай мағынада қолданылса да, ол мәдениеттің айнасы болып саналады. Осы текті мәдени коннотацияны жинақтай келе, төмендегідей кестемен бейнелеп көрсетуге болады (2-кесте).

2-кесте

Ағылшын және қытай тілдеріндегі «ит» атауына байланысты тұрақты сөз тіркестердің мәдени коннотациясы

Мәдени коннотациясы	Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер	Қытай тіліндегі тұрақты тіркестер
Адалдық	work like a dog	狗吠非主、犬马之劳
Адамгершілігі төмен адамдар	-	行若狗彘、狐朋狗友
Ұрлық жасау	-	鸡鸣狗盗、鼠窃狗偷
Зұлымдық	-	狼心狗肺
Кішіпейілділік	Hang dog	鸡零狗碎、鸡犬升天
Еңбегі сіңген адамдар	-	狡兔死,良狗烹
Мүмкіндік, бақыт	a dog's chance	--
Жаман нәрселер	-	狗尾续貂
Ұятсыз өмір	-	声色犬马
Блофер	barking dogs never bite	土龙刍狗
Жоғалту	in the doghouse	丧家之犬
Жеңілтектік	a dirty dog	--

Кестеден байқағанымыздай ит атауына байланысты ағылшын және қытай тілдеріндегі тұрақты тіркестердің мәдени коннотациясынан осы тектес теңеулер дерлік адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқына байланысты айтылатынын аңғарамыз.

Ежелден теңіз жағалауын мекен еткен ағылшындарда балық шаруашылығы мен мал шаруашылығы дамыған. Жылқыны транспорт құралы әрі жер жырту құралы ретінде пайдаланған ағылшындар *horse* – жылқыны - *good horse should be seldom spurred*- тынбай жұмыс істейтін адамдарға балаған [Русско-английский словарь пословиц и поговорок, 2025]. Екіншіден, ағылшындарда бәйге (ат) спорты кеңінен таралғандықтан, тұрақты тіркестердің көп сандысы осы спорт түріне байланысты болған. Мысалы, *back to the wrong horse* - қате талдам жасау мағынасын білдіреді. *Dark horse* - бәйгеден озып келген ат, яғни жеңіске жеткен адамды білдіреді [刘纯豹 - Лю Чжунбао, 2012: 68 б.].

Төрт түлік малдың бірі болып саналатын жылқы атауына келетін болсақ, жылқы малы қытай тарихында ерекше терең мәдени мәнге ие болған. 龙马精神 - *Lóngmǎ jīngshén* - қытай ұлтына тән рух - тура мағынада «айдаһар мен жылқының рухындай», ауыспалы мағынада жігері үнемі тасып тұратын, алға ұмтылғыш адамдарды» бейнелейді. 老马识途 - *Lǎo mǎshítú* - өмірлік тәжірибесі мол адамдарды білдіреді. Сондықтан да 马 – *mǎ* - жылқы атауы білікті, талантты деген мағынада қолданылады. Көне қытай тарихында жылқы бірден бір соғыс құралы болып келетін, оның күші, батылдығы соғыстың жеңіске жетуінің басты негізі болып саналатын. 马到成功 - *Mǎdàochénggōng* - тіркесінің мағынасындағы жылқы жеңістің негізі деген ой арқылы оның соғыстағы маңызды рөлін көрсетіп тұр [成语大词典编委会 - Идиома сөздігінің редакциялық комитеті, 2021: 698 б].

Horse - 马 – *mǎ* - жылқы ағылшын және қытай тілдеріндегі мәдени мәні позитивті мағынада қолданылады, бірақ кей жерде негативті мәні де болады. Біз «Кэмбридж халықаралық ағылшын тілі идиомалар сөздігі» және «Қытай тұрақты тіркестер сөздігінен» осы horse / colt / mare - 马 – *mǎ* - жылқы атауына байланысты 62 тұрақты тіркестің мәдени коннотациясына талдау жасай келе, олардың төмендегідей мәдени коннотацияға ие екенін жинақтап түйіндедік (3-кесте).

3-кесте

Ағылшын және қытай тілдеріндегі «жылқы» атауына байланысты тұрақты тіркестердің мәдени коннотациясы

Мәдени коннотациясы	Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер	Қытай тіліндегі тұрақты тіркестер
Күші мығым	As strong as a horse	兵强马壮
Батыл әрі жігерлі	-	一马当先
Еркін	-	天马行空、信马由缰
Тәжірибесі мол	-	老马识途
Еңбекқор	Wheel (willing) horse/ workhorse	-
Ұятсыз	The Pale horse	-
Былыққан қоғам	-	声色犬马
Ұжымға қауіп төндіретін адамдар	--	人仰马翻
Қоғамға үлес қосқан адамдар	-	害群之马
Мақтаншақ адамдар	High horse	汗马功劳
Кемшілік іздеушілер	Look a gift horse in the mouth	-
Тұрақты, өзін-өзін жетілдіргіш	-	龙马精神
Өмірді бос өткізу	-	马齿徒增

Жалпылай айтқанда, ағылшын тілінде horse - жылқы атауымен байланысты теңеулер де ағылшын тіліндегі cow - сиыр малына қатысты теңеулердің «еңбекқор, шыдамды» мағыналық коннотациясы бар екендігін байқаймыз. Қытай тіліндегі 马 – *mǎ* - жылқы атауына байланысты тіркестер жалпы тұрақты тіркестер санының төрттен бір бөлігін қамтитын, саны жағынан ең көп тұрақты тіркестер болып келеді. Бұл жылқы малының қытай тұрмыс-тіршілігінде алатын орыны ерекше екендігін көрсетеді.

Ағылшын мәдениетінде «тауық» агрессивті және соғысқыш саналады. «Өтеш таластыру»

тарихта британдық ақсүйектер арасында танымал ойын-сауықтың бірі болды. Англия королі «Әтеш таластыру» алаңын көрнекті сарайлар қатарына енгізіп, әрі оған арнайы басқару аппаратын тағайындады. Ағылшын тіліндегі «тауық» «chicken, cock rooster, hen» т.б. сияқты әр түрлі сөздерге сәйкес келеді және оның оң және теріс әр түрлі коннотациялары бар. Солардың ішінде *chicken* - *тауық* көбінесе бейтарап мағынада қолданылады. Мысалы, *spring chicken* - жас қыздарды бейнелейді. Ал *cock* - *тауық* негативті мағынада қолданылады [Farlex Dictionary of Idioms, 2024]. Мысалы, *cock of the dunghill / walk* - *тауық* өз нәжисінде ғана үстемдік ете алады деген мағынада айтылып, кемсіту, дәрежесін түсіру мақсатында қолданылады.

Ежелгі Қытайда сағат болмаған кезде адамдар күннің шығу-батыуына қарай күн шыққанда жұмысқа кірісіп, күн батқанда демалатын болған. Әтештер қыс-жаз мезгіліне қарамай таң ата уақытында шақырып, жаңа күннің басталғанын еске салып отырған. Цзинь динациясында Зу Ти есімді адам әтештің шақырғанын ести сала орынынан тұрып, жұмысқа кірісетін. Яғни, 闻鸡起舞 – wénjīqǐwǔ - тура мағынасында әтештің шақырғанын ести сала биге басу, яғни ерте орынынан тұрып, жұмысқа кірісуді, пысық, елгезек бола білуді білдіреді [成语大词典编委会- Идиома сөздігінің редакциялық комитеті, 2021: 1125 б]. Сондықтан да әтеш қытай мәдениетінде «пысық, уақытқа құрмет ететін» мағынада қолданылады. «Әтеш таластыру» қытайда ерте таралған спорттық ойынның бір түрі болған. Таластыру барысындағы әтештің батылдығы, қиындықтан қорықпауы, еркін, шапшаң қимылдай білуі бәрі де осы атауға байланысты теңеулерде позитивті коннотацияның көбірек болуына ықпал еткені белгілі. Мысалы, 呆若木鸡 - Dāiruòmùjī, 斗鸡走狗 - dòujī zǒugǒu.

Ағылшын және қытай тілдеріндегі тауық ұғымына байланысты тұрақты тіркестердің мәдени коннотациясын зерделей келе, біз «Кэмбридж халықаралық ағылшын тілі идиомалар сөздігі» және «Қытай тұрақты тіркестер сөздігінен» осы *chicken, cock, rooster, hen* - *тауық* атауына байланысты 34 тұрақты тіркестің мәдени коннотациясына талдау жасай келе, олардың төмендегідей мәдени коннотацияға ие екендігін анықтадық (4-кесте).


4-кесте

Ағылшын және қытай тілдеріндегі «тауық» атауына байланысты тұрақты тіркестердің мәдени коннотациясы

Мәдени коннотациясы	Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер	Қытай тіліндегі тұрақты тіркестер
Еңбекқор, ұқыпты	Get/be up with the chickens	闻鸡起舞
Кішіпейіл, елеусіз	-	鸡犬升天
Жасырын әрекет ету	-	鸡鸣狗盗
Былыққан қоғам	-	鸡飞狗走
Бостан бос жүру	-	斗鸡走狗
Мақтаншақ	Cock-a- hoop	-
Үстемдік ету	Cock of the dunghill	-
Жас сұлу қыздар	Spring chicken	-
Орта жастағы әйел	Hen party	-
Адал, сенімді	-	范张鸡黍
Бақытты адам	-	嫁鸡随鸡
Болашағын ойламайтын	-	杀鸡取卵
Әтеш таластыру	Live like a fighting cock	呆若木鸡

Ағылшын тілінде *тауық* ұғымының *chicken, cock, hen* сияқыт бірнеше эквиваленті бар. Олардың әр бірінен жасалған тұрақты тіркестер әр түрлі мәдени коннотациялық ұғым береді. Сондықтан коммуникацияда осы түйінге ерекше назар аударған жөн. Ал қытай тілінде тауық атауы үнемі негізінен теріс коннотацияны білдіреді.

Ағылшын тілінде *сиыр* – *ox* - олардың дастарханында кем болса болмайтын тағам түрі. Мейлі сүт болсын, мейлі ол сиыр еті болсын күнделікті тұтынатын тағамдары болып келеді. 1816 жылы ағылшындардың «*a bull in China shop*» комик суретінен бастау алған бұл тарих, бір реткі ағылшын мен қытай дипломатиялық қарым-қатынасының сәтсіздікпен аяқталуының ашшы көрінісі болған еді. *China*– алғашын тілінде фарфор мағынасын білдіргенімен, кейіннен Қытай елі атауына айналып кеткені белгілі. Сол секілді осы суретте *bull* - өгізді білдіргенімен, ол Ағылшындардың символы ретінде заман ағымына қарай бұл тіркес ойламсыз, ұқыпсыз әрекет ететін адамдарды бейнелейтін болып өзгерді (2-сурет) [苏昌红- Су Чань Хонь, 2021: 15 б.].



2-сурет. «A bull in China shop» суреті

Қытай мәдениетінде 牛 *сиыр* - берекенің, тектіліктің баламасы. Сиыр баяу жүргенімен, қадамын анық әрі нық басады. Сиырдың зұлымдығы жоқ, ол өте шыдамды. Сиыр атауына байланысты тұрақты теңеулердің теріс коннотациясы да кездеседі. Біз «Қытай идиомалар сөздігі» және «Кэмбридж халықаралық ағылшын тілі идиомалар сөздігінен» сиыр ұғымына байланысты *cow / bull / calf / ox* сөздерімен байланысты 28 қытайша тұрақты тіркес пен 34 ағылшынша тіркесті саралай келе, олардың рухани әлемге беретін мәдени коннотациясын төмендегі 5-кесте арқылы жинақтап көрсеттік.

5-кесте

Ағылшын және қытай тілдеріндегі «сиыр» атауына байланысты тұрақты тіркестердің мәдени коннотациясы

Мәдени коннотациясы	Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер	Қытай тіліндегі тұрақты тіркестер
Ақымақ	-	对牛弹琴
Байқам	A bull in China shop	-
Елеусіз	-	九牛一毛
Ата- ана махаббаты	-	老牛舐犊
Ерте жастан махаббаттасу	Calf love	
Алып күш	-	割鸡焉用牛刀
Іс-әрекеті ақырын	-	蜗行牛步
Ірі, күші көп	As strong as a bull/OX	力壮如牛
Семіз әйел		-

Байлық	Cash/ milk cow	-
Қасиетті адам	Sacred cow	-
Өмірі қиын адам	-	如牛负重
Қыңыр мінезді адам	Bullhead	-

Ағылшын тілінде *cow/ bull* атауларына байланысты тұрақты тіркестері әр түрлі, тіпті қарама-қайшылық мәдени коннотацияны білдіреді. Қытай тілінде 牛 - *сиыр* малы егін шаруашылығының негізгі күші, халықтың сүйікті жануары. Бірақ адамдар сиырдың тіл алғыштық қасиетін оның ақылсыз, топастығы деп санаған.

Жоғарыдағы жылқы, тауық, ит, сиыр сынды төрт түрлі жыл белгісіне байланысты тұрақты тіркестерді салыстыра келіп, олардың мәдени мағынасында елеулі айырмашылықтар бар екендігін түсіндік. Ағылшын мен қытай халқының тұрғылықты жері, әдет-ғұрпы, салт-санасы, тарихының әртүрлі болуы себепті осындай айырмашылықтар келіп шыққаны анық. Әрі жыл белгілері дерліктей жануарлар атауларымен байланысты болғандықтан, осы тектес тұрақты тіркестердің мәдени коннотациясының бай болуы жануарлар мен адамдар арасындағы тығыз қарым-қатынастың жемісі деп білуге болады.

Қорытынды

Жануарлардың атаулары бар фразеологиялық бірліктер әр түрлі тілдерде адам бейнесінің сипаты ретінде кеңінен қолданылып, жоғары коннотативтік потенциалға ие болуы жануарлар атауы бар фразеологиялық бірліктер көптеген мәдениеттерде кең тараған және әмбебап болып келеді. Зооним компоненті бар фразеологиялық бірліктер кез келген тілдің сөздік қорының елеулі бөлігін құрайды. Фразеологиялық бейне адамның жануар туралы түсінігі негізінде қалыптасатындықтан, жануардың атауы белгілі қасиеттері мен сипаттары бар объектімен және оның символдық мағынасына байланысты қарастырылады. Бұл табиғи жағдай екені анық. Оның себебі адамзат баласының айналасындағы бүкіл әлем мифологиялық ойлау призмасы арқылы қабылданады.

Зооним эталонды тұрақты тіркестердің күрделі семантикасына антропоцентристік жағдай тән деп қорытындыға келеміз. Яғни, белгілі бір жануардың бейнесі немесе әдеттері адамға немесе қоршаған ортаның шынайы болмыс объектілеріне ауыстырылады. Сол негізде зоонимдік таным-түсініктер жалпыға бірдей қабылданған ассоциативті мағынаға ие болады. Уақыт өте келе символдық жануарлар терең әлеуметтік және рухани мағынамен толығып, бұл үдеріс фразеологиялық тіркестерде нақтылы көрініс табады. Өйткені әрбір нақты қолданыстағы тіл адамдардың санасына әсер ететін және олардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыратын ерекше жүйе екендігін жоғарыдағыдай нақтылы мысалдар арқылы тұжырымдауға болады. Дүниенің тілдік суреті өз кезегінде дүние туралы түсініктердің кешенді көрінісі. Ол тілдік болмыстың біртектілігін қалыптастырады және дүниетанымдық пайымдаудағы тілдік мәдени құбылыстардың бірегейлігін бекітіп-тұрақтандыруға әрі оны тіл бірліктері арқылы белгілеуге ықпал етеді. Сондықтан лингвомәдениетаралық тұрғыда фразеологиялық тіркестерді, оның ішіндегі теңеулік сипаттағы тұрақты сөз тіркестерін зерттеп-зерделеудің лингвистика ғылымы үшін маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Sapir E. (1921) *Language: An introduction to the study of speech*. New York: Harcourt, Brace and Co., 258 [Электрондық ресурс]: URL: https://ia801401.us.archive.org/8/items/in.ernet.dli.2015.55357/2015.55357.Language-An-Introduction--To-The-Study--Of-Speech_text.pdf (өтінім берілген күні: 08.02.2025).
- Зыкова И.В. (2015) *Концептосфера культуры и фразеология: теория и методы лингвокультурологического изучения*. М.: Ленанд, 380 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/2015-04-041-zykova-i-v-kontseptosfera-kultury-i-frazeologiya-teoriya-i-metody-lingvokulturologicheskogo-izucheniya-m-lenand-2015-380-s/viewer> (өтінім берілген күні: 08.02.2025).

- Қоңыров Т. (2005) Тенеулер табиғаты. *Оқу құралы*. Алматы: Алаш, 512.
- Кеңесбаев І. (2007) *Фразеологиялық сөздік*. Алматы: Арыс, 800.
- Смағұлова Г. (2020) Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: *Монография*. Алматы: Елтаным баспасы, 209 [Электрондық ресурс]: URL: pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/176824/1/29/0/ (өтінім берілген күні: 13.02.2025).
- Авакова Р.А. (2023) *Фразеосемантика*. Алматы: Қазақ университеті, 246.
- Mueller-Vollmer K., Messling M. (2023) Wilhelm von Humboldt. *The Stanford Encyclopedia of Philosophy* (Winter 2023 Edition), Edward N. Zalta & Uri Nodelman (eds.) [Электрондық ресурс]: URL: <https://plato.stanford.edu/archives/win2023/entries/wilhelm-humboldt/> (өтінім берілген күні: 08.02.2025).
- Маслова А. (1997) *Введение в лингвокультурологию*. М., 289 [Электрондық ресурс]: URL: http://library.lgaki.info:404/2019/Маслова_Лингвокультурология.pdf (өтінім берілген күні: 13.02.2025).
- Madumarova M. (2022) Phraseological units with zoonyms and the issue of equivalences. *World of Philology*, 1, 1, 31-33 [Электрондық ресурс]: URL: <https://wpjournal.dsml-qf.uz/index.php/wp/article/view/5/5> (өтінім берілген күні: 13.02.2025).
- Costețcaia I. (2019) Zoo Elements Used in English Phraseology. *Interuniversitaria: Materialele conf. șt. a studenților*, 23 apr., ed. a 15-a, Bălți, II, 99-105 [Электрондық ресурс]: URL: http://dspace.usarb.md:8080/jspui/bitstream/123456789/4797/1/Coste%c5%a3caia_I_frazeologisme.pdf (өтінім берілген күні: 08.02.2025).
- 高磊 – Гао Лэй (2012) 汉语生肖熟语的隐喻研究. 曲阜师范大学. 3, 46.
- 尹丕安 – И Пэйань (2015) 英汉动物隐喻的跨文化研究 - 以十二生肖为例. 牡丹江教育. 11, 54.
- 杨姝琼 – Юнь Шучюнь (2019) 生肖熟语的文化解读. 四川大学学报, 10, 28.
- 刘静 – Лю Цзинь (2019) 俄汉生肖名词的语义对比研究. 黑龙江大学, 5, 67 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.taodocs.com/p-1127941114.html> (өтінім берілген күні: 08.02.2025).
- Қазақша жыл санау (2015) *Ақ жол*, 5 қаңтар [Электрондық ресурс]: URL: <https://aqjolgazet.kz/16461/aza-sha-zhyl-sanau> (өтінім берілген күні: 05.02.2025).
- Chris Drew (2023) 25 *Similes for Dogs*, January 3 [Электрондық ресурс]: URL: <https://phrasedictionary.org.similes-for-dogs/> (өтінім берілген күні: 06.02.2025).
- Reversion inc. (2025) *Working like a horse* [Электрондық ресурс]: URL: [working like a horse - Перевод на русский - примеры английский | Reverso Context](https://www.reverso.net/text_translation.aspx?lang=eng&from=eng&to=rus&phrase=working+like+a+horse) (өтінім берілген күні: 06.02.2025).
- Farlex Dictionary of Idioms (2024) *Farlex, Inc* [Электрондық ресурс]: URL: <https://idioms.thefreedictionary.com/as+fat+as+a+pig> (өтінім берілген күні: 06.02.2025).
- Bible, clean and unclean animals. *Leviticus 11* [Электрондық ресурс]: URL: <https://biblehub.com/leviticus/11/> (өтінім берілген күні: 03.02.2025).
- Farlex Dictionary of Idioms (2024) *Farlex, Inc* [Электрондық ресурс]: URL: <https://idioms.thefreedictionary.com/be+as+gentle+as+a+lamb> (өтінім берілген күні: 11.02.2025).
- Collins, *chicken hearted* тіркесіне түсіндірме [электрондық ресурс]: URL: [CHICKEN-HEARTED definition and meaning | Collins English Dictionary](https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/chicken-hearted) (өтінім берілген күні: 06.02.2025).
- 百度百科 – Baidu энциклопедиясы (2025) [электрондық ресурс]: URL: <https://baike.baidu.com/item/%E4%BA%BA%E5%BC%BA%E9%A9%AC%E5%A3%AE/2348963> (өтінім берілген күні: 06.02.2025).
- Ыбырай Дүйсен, Deng Jie (2024) Айдаһар мәдениетінің «сиқырлы күші» ешқашан әлсіреген емес. *Онлайн халық газеті*, 1 ақпан [Электрондық ресурс]: URL: [Айдаһар мәдениетінің «сиқырлы күші» ешқашан әлсіреген емес](https://www.aydaar.kz/news/2024/02/01/aydaar-medeni-etin-in-si-qi-rly-ku-shi-esh-qashan-alsiregen-emec) (өтінім берілген күні: 06.02.2025).

- 成语大词典编委会 – Идиомалар сөздігі (2021) *成语大词典*. – 北京: 商务印书馆国际有限公司, 1541 [Электрондық ресурс]: URL: [人中之龙的意思 成语人中之龙的解释-汉语国学](#) (өтінім берілген күні: 13.02.2025).
- 郝梦华 – Хао Мэнхуа (2023) 汉英生肖类熟语隐喻对比及国际中文教材编写的启示. 福建大学学报, 13, 14.
- 肖姣 – Сяо Цзяо (2024) *中华成语词典*. 崇文书局辞书出版社中心编. –武汉: 崇文书局, 940 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-67d3670b1> (өтінім берілген күні: 13.02.2025).
- 百度百科 – Baidu энциклопедиясы (2025) [Электрондық ресурс]: URL: <https://baike.baidu.com/item/牛头马面/924227>. (өтінім берілген күні: 10.02.2025).
- Slovar-vocab (2024) Онлайн сөздігі. *As timid as a rabbit тіркесіне анықтама* [Электрондық ресурс]: URL: [AS TIMID AS A RABBIT перевод с английского на русский, translation English to Russian. Англо-Русский словарь идиом](#) (өтінім берілген күні: 07.02.2025).
- 百度百科 – Baidu энциклопедиясы (2025) [Электрондық ресурс]: URL: https://baike.baidu.com/reference/1992309/533aYdO6cr3_z3kATPaOyf7zZCiQPoutueDTVrZzzqIP0XOpX5nyFJI26dRx8PJzWwiEs9czYplBx7z_DFUdqgo (өтінім берілген күні: 10.02.2025).
- 百度百科 – Baidu энциклопедиясы (2025) [Электрондық ресурс]: URL: https://baike.baidu.com/reference/4759228/533aYdO6cr3_z3kATPWMxan4Zi_AMI6vtuHVALRzzqIPmGapB5nyTcYo5N48sPliAETDsZZxL5Mwwa2If15Nn-JlefHHRqBTIWOKWybLwKvuisxEncRN0p8yLQ (өтінім берілген күні: 10.02.2025).
- 梁冠群 – Лян Гуанцюн (2024) «为什么中国人自称为龙的传人» [Электрондық ресурс]: URL: [为什么中国人自称是“龙的传人”？这要从远古时期说起 澎湃号·湃客 澎湃新闻-The Paper](#) (өтінім берілген күні: 05.02.2025).
- 苏昌红 – Су Чангхон (2021) 基于文化移情的汉英动物成语文化内涵的对比研究-以生肖动物为例. 湖北: 湖北工业大学, 21, 42.
- Oxford English dictionary [Электрондық ресурс]: URL: [dog like - Quick search results | Oxford English Dictionary](#) (өтінім берілген күні: 05.02.2025).
- 刘纯豹 – Лю Чжунбао (2012) *英语动物比喻辞典*. 北京商务印书馆, 155.
- 肖姣 - Oxford English Dictionary (2024) *中华成语词典*. – 崇文书局辞书出版社中心编. –武汉: 崇文书局. 681 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-881188338> (өтінім берілген күні: 05.02.2025).
- Русско-английский словарь пословиц и поговорок (2025) [Электрондық ресурс]: URL: [Когда лошадь бежит, не надобно шпор | Перевод Когда лошадь бежит, не надобно шпор?](#) (өтінім берілген күні: 11.02.2025).
- 刘纯豹 – Лю Чжунбао (2012) *英语动物比喻辞典*. 北京商务印书馆, 155
- 成语大词典编委会 – Идиома сөздігінің редакциялық комитеті (2021) *成语大词典*. 北京: 商务印书馆国际有限公司, 698 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-2c07c3a95> (өтінім берілген күні: 11.02.2025).
- Farlex Dictionary of Idioms (2024) Farlex, Inc [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.thefreedictionary.com/spring+chicken> (өтінім берілген күні: 11.02.2025).
- 成语大词典编委会 – Идиома сөздігінің редакциялық комитеті (2021) *成语大词典*. 北京: 商务印书馆国际有限公司, 1125 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-6c252b5c4> (өтінім берілген күні: 11.02.2025).

苏昌红 – Су Чань Хонь (2021) 基于文化移情的汉英动物成语文化内涵的对比研究- 以生肖动物为例. 湖北：湖北工业大学, 4, 15.

References

- Sapir E. (1921) *Language: An introduction to the study of speech*. New York: Harcourt, Brace and Co., 258 [Elektrondyk resurs]: URL: https://ia801401.us.archive.org/8/items/in.ernet.dli.2015.55357/2015.55357.Language-An-Introduction--To-The-Study--Of-Speech_text.pdf (otinin berilgen kuni: 08.02.2025).
- Zykova I.V. (2015) *Konceptosfera kultury i frazeologiya: teoriya i metody lingvokulturologicheskogo izucheniya*. M.: Lenand, 380 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/2015-04-041-zykova-i-v-kontseptosfera-kultury-i-frazeologiya-teoriya-i-metody-lingvokulturologicheskogo-izucheniya-m-lenand-2015-380-s/viewer> (otinin berilgen kuni: 08.02.2025).
- Konyrov T. (2005) *Teneuler tabigaty. Oku kuraly*. Almaty: Alash, 512.
- Kenesbaev I. (2007) *Frazeologiyalyk sozdik*. Almaty: Arys, 800.
- Smagulova G. (2020) *Kazak frazeologiyasy lingvistikalık paradigmalarında: Monografiya*. Almaty: Eltanyam baspasy, 209 [Elektrondyk resurs]: URL: pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/176824/1/29/0/ (otinin berilgen kuni: 13.02.2025).
- Avakova R.A. (2023) *Frazeosemantika*. Almaty: Kazak universiteti, 246.
- Mueller-Vollmer K., Messling M. (2023) *Wilhelm von Humboldt*. The Stanford Encyclopedia of Philosophy (Winter 2023 Edition), Edward N. Zalta & Uri Nodelman (eds.) [Elektrondyk resurs]: URL: <https://plato.stanford.edu/archives/win2023/entries/wilhelm-humboldt/> (otinin berilgen kuni: 08.02.2025).
- Maslova A. (1997) *Vvedenie v lingvokulturologiyu*. M., 289 [Elektrondyk resurs]: URL: http://library.lgaki.info:404/2019/Maslova_Lingvokulturologiya.pdf (otinin berilgen kuni: 13.02.2025).
- Madumarova M. (2022) *Phraseological units with zoonyms and the issue of equivalences*. World of Philology, 1, 1, 31-33 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://wpjournal.dsmiqf.uz/index.php/wp/article/view/5/5> (otinin berilgen kuni: 13.02.2025).
- Costețcaia I. (2019) Zoo Elements Used in English Phraseology. *Interuniversitaria: Materialele conf. st. a studenților*, 23 apr., ed. a 15-a, Bălți, II, 99-105 [Elektrondyk resurs]: URL: http://dspace.usarb.md:8080/jspui/bitstream/123456789/4797/1/Coste%20caia_I_frazeologisme.pdf (otinin berilgen kuni: 08.02.2025).
- Gāo lěi (2012) Hànyǔ shēngxiào shúyǔ de yǐnyù yánjiū. Qūfù shīfàn dàxué. 3, 46.
- Yīnpī'ān (2015) Yīnghàn dòngwù yǐnyù de kuà wénhuà yánjiū - yǐ shì'èr shēngxiào wéi lì. Mǔdānjiāng jiàoyù, 11, 54.
- Yángshūqióng (2019) Shēngxiào shúyǔ de wénhuà jiědú. Sìchuān dàxué xuébào. №10. 28.
- Líu jìng (2019) È hàn shēngxiào míngcí de yǔyì duìbǐ yánjiū. Hēilóngjiāng dàxué, 5, 67 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.taodocs.com/p-1127941114.html> (otinin berilgen kuni: 08.02.2025).
- Kazaksha zhyl sanau (2015) *Ak zhol*, 5 kantar [Elektrondyk resurs]: URL: <https://aqjolgazet.kz/16461/aza-sha-zhyl-sanau> (otinin berilgen kuni: 05.02.2025).
- Chris Drew (2023) 25 Similes for Dogs [Elektrondyk resurs]: URL: <https://phrasedictionary.org.similes-for-dogs/> (otinin berilgen kuni: 06.02.2025).
- Reverso inc. (2025) *Working like a horse* [Elektrondyk resurs]: URL: [working like a horse - Перевод на русский - примеры английский | Reverso Context](https://www.reverso.net/textexamples.aspx?synonym=working+like+a+horse&lang=en-es) (otinin berilgen kuni: 06.02.2025).
- Farlex Dictionary of Idioms (2024) *Farlex, Inc* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://idioms.thefreedictionary.com/as+fat+as+a+pig> (otinin berilgen kuni: 06.02.2025).
- Bible, clean and unclean animals. *Leviticus 11* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://biblehub.com/leviticus/11/> (otinin berilgen kuni: 03.02.2025).

- Farlex Dictionary of Idioms (2024) *Farlex, Inc* [Elektronдық resurs]: URL: <https://idioms.thefreedictionary.com/be+as+gentle+as+a+lamb> (otinin berilgen kuni: 11.02.2025).
- Collins, *chicken hearted tirkesine tysindirme* [Elektronдық resurs]: URL: [CHICKEN-HEARTED definition and meaning | Collins English Dictionary](#) (otinin berilgen kuni: 06.02.2025).
- Baidu baike (2025) [Elektronдық resurs]: URL: <https://baike.baidu.com/item/%E4%BA%BA%E5%BC%BA%E9%A9%AC%E5%A3%AE/2348963> (otinin berilgen kuni: 06.02.2025).
- Ybyraj Dujesen, Deng Jie (2024) Ajdabar madenietinin «sikyrly kushi» eshkashan alsiregen emes. - *Onlajn halyk gazeti*, 1 akpan [Elektronдық resurs]: URL: [Айдаһар мәдениетінің «сикырлы күші» ешқашан әлсіреген емес](#) (otinin berilgen kuni: 06.02.2025).
- Chéngyǔ dà cídiǎn biān wěi huì. (2021) *Chéngyǔ dà cídiǎn*. – Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn guóji yǒuxiàn gōngsī [Elektronдық resurs]: URL: [人中之龙的意思 成语人中之龙的解释-汉语国学](#) (otinin berilgen kuni: 13.02.2025).
- Hǎomèng huá (2023) *Hàn yīng shēngxiào lèi shúyǔ yīnyù duì bì jí guóji zhōngwén jiàocái biānxiě de qǐshì*. Fújiàn dàxué xuébào, 13, 14.
- Xiào jiāo (2024) *Zhōnghuá chéngyǔ cídiǎn*. Chóngwén shūjú císhū chūbǎn shè zhōngxīn biān. – Wǔhàn: Chóngwén shūjú, 940 [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-67d3670b1> (otinin berilgen kuni: 13.02.2025).
- Baidu baike (2025) [Elektronдық resurs]: URL: <https://baike.baidu.com/item/牛头马面/924227>. (otinin berilgen kuni: 10.02.2025).
- Slovar-vocab onlajn sozdigi. *as timid as a rabbit tirkesine anyktama* [Elektronдық resurs]: URL: [AS TIMID AS A RABBIT перевод с английского на русский, translation English to Russian. Англо-Русский словарь идиом](#) (otinin berilgen kuni: 07.02.2025).
- Baidu baike (2025) [Elektronдық resurs]: URL: https://baike.baidu.com/reference/1992309/533aYdO6cr3_z3kATPaOyf7zZCiQPoutueDTVrZzzqIP0XOpX5nyFJI26dRx8PJzWwiEs9czYplBx7z_DFUdqgo (otinin berilgen kuni: 10.02.2025).
- Baidu baike (2025) [Elektronдық resurs]: URL: https://baike.baidu.com/reference/4759228/533aYdO6cr3_z3kATPWMxan4Zi_AMI6vtuHVALRzzqIPmGapB5nyTcYo5N48sPliAETDsZZxL5Mwwa2If15Nn-JlefHHRqBTIWOKWybLwKvuisxEncRN0p8yLQ (otinin berilgen kuni: 10.02.2025).
- Liángguānqún (2024) «*Wèishéme zhōngguó rén zìchēng wèi lóng de chuánrén*» [Elektronдық resurs]: URL: [为什么中国人自称是“龙的传人”？这要从远古时期说起 澎湃号·湃客 澎湃新闻-The Paper](#) (otinin berilgen kuni: 05.02.2025).
- Sūchānghóng (2021) *Jīyú wénhuà yí qíng de hàn yīng dòngwù chéngyǔ wénhuà nèihán de duìbǐ yánjiū- yǐ shēngxiào dòngwù wéi lì*. Húběi: Húběi gōngyè dàxué, 21, 42.
- Oxford English dictionary [Elektronдық resurs]: URL: [dog like - Quick search results | Oxford English Dictionary](#) (otinin berilgen kuni: 05.02.2025).
- Liúchúnbào (2012) *Yīngyǔ dòngwù bǐyù cídiǎn*. Běijīng shāngwù yìn shūguǎn, 155.
- Xiào jiāo (2024) *Zhōnghuá chéngyǔ cídiǎn*. Chóngwén shūjú císhū chūbǎn shè zhōngxīn biān. – Wǔhàn: Chóngwén shūjú, 681 [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-881188338> (otinin berilgen kuni: 05.02.2025).
- Russko-anglijskij slovar poslovic i pogovorok (2025) [Elektronдық resurs]: URL: [Когда лошадь бежит, не надобно шпор | Перевод Когда лошадь бежит, не надобно шпор?](#) (otinin berilgen kuni: 11.02.2025).
- Liúchúnbào (2012) *Yīngyǔ dòngwù bǐyù cídiǎn*. Běijīng shāngwù yìn shūguǎn, 155.
- Chéngyǔ dà cídiǎn biān wěi huì. (2021) *Chéngyǔ dà cídiǎn*. – Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn guóji yǒuxiàn gōngsī [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-2c07c3a95> (otinin berilgen kuni: 11.02.2025).
- Farlex Dictionary of Idioms (2024) *Farlex, Inc* [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.thefreedictionary.com/spring+chicken> (otinin berilgen kuni: 11.02.2025).
- Chéngyǔ dà cídiǎn biān wěi huì. (2021) *Chéngyǔ dà cídiǎn*. – Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn guóji

yǒuxiàn gōngsī [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.hanyuguoxue.com/chengyu/ci-6c252b5c4> (otinin berilgen kuni: 11.02.2025).

Sūchānghóng (2021). *Jīyú wénhuà yí qíng de hàn yīng dòngwù chéngyǐ wénhuà nèihán de duìbǐ yánjiū- yǐ shēngxiào dòngwù wéi lì*. Húběi: Húběi gōngyè dàxué, 4, 15.

Особенности сравнений, связанных с названиями годов в английском и китайском языках

¹К.Токтарбек, ¹Н.З.Жуманбекова, ²Ч.С.Тулеева

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)

²Кыргызский государственный университет имени И.Арабаева (Бишкек, Кыргызстан)

Аннотация

Сопоставительные исследования, позволяющие выявить универсальные и национальные черты фразеологических систем неродственных языков, занимают особое место в области языкознания. В этом контексте семантическая структура фразеологических единиц, в частности устойчивых сравнений, представляет собой сложную и многомерную конструктивную систему, требующую всестороннего анализа. В данной статье рассматриваются устойчивые сравнения в английском и китайском языках с точки зрения их знакового значения. Эти выражения отражают качественные и оценочные характеристики субъекта. Например, в английском языке *brave as a lion* в буквальном значении означает «храбрый как лев», а в переносном - описывает людей, животных или предметы, проявляющих особое мужество или храбрость в различных ситуациях. В китайском языке 人中狮子 (*rén zhōng shī zi*) в буквальном смысле переводится как «лев среди людей», а в переносном используется для характеристики умных и талантливых личностей. Объектом исследования данной работы являются устойчивые выражения, связанные с названиями лет в английском и китайском языках. На основе «Словаря фразеологизмов китайского языка», «Словаря устойчивых выражений английского языка» и других лексикографических источников проводится сравнительный, количественный, системный анализ и другие методы исследования. В результате выявляются и объясняются лингвокультурные особенности устойчивых сравнений с эталоном-зоонимом, относящихся к двенадцати символическим названиям зодиаков, в английской и китайской традициях. **Ключевые слова:** названия зодиаков, английский и китайский языки, сравнительное исследование, лингвокультурная особенность.

Linguocultural Features of Similes Related to Year Names in English and Chinese

¹K.Toktarbek, ¹N.Z.Zhumanbekova, ²Ch.S.Tulееva

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

²I.Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abstract

It is well known that comparative studies, which allow the identification of the universal and national characteristics of the phraseological systems of unrelated languages, hold a special place in linguistics. In this regard, the semantic structure of phraseological units, particularly similes, represents a complex and multidimensional constructional system that requires comprehensive analysis. From the perspective of symbolic meaning, the similes examined in this article in English and Chinese reflect a subject's qualitative and descriptive attributes. For example, in English, "brave as a lion" literally means "as brave as a lion." At the same time, figuratively, it describes people, animals, or objects that demonstrate exceptional courage or bravery in various situations. In Chinese, 人中狮子 (*rén zhōng shī zi*) literally translates to "a lion among people," but figuratively, it characterises intelligent and talented individuals. Fixed expressions related to the names of years in English and Chinese serve as the research subject of this study. Based on The Dictionary of Chinese Idioms, The Dictionary of English Fixed Expressions, and other lexicographic sources, a comparative, quantitative, and systematic analysis, along with other research methods, is employed to identify and explain the linguocultural features of similes associated with the twelve zodiac signs in English and Chinese.

Keywords: year names, English Chinese language, comparative study, linguacultural features.

Поступила в редакцию: 20.01.2025

Одобрена: 30.03.2025

Первая публикация на сайте: 13.08.2025